**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі»**
**мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай**
**балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

# Мекеменің өзін-өзі бағалауы және өткізуі туралы қорытынды
# АНЫҚТАМА
**2022-2023 оқу жылы**

**Қайнар , 2023 жыл**

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы және өткізуі туралы қорытынды**

**АНЫҚТАМАСЫ**

НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР МЕН ОБЪЕКТІЛЕР:

I. Мектепке дейінгі ұйымға жалпы сипаттама беру.
II. Мектепке дейінгі ұйымның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.
III. Балабақшаның оқу жұмыс жоспарының, үлгілік оқу бағдарламасының орындалу жағдайы.
IV. Оқу тәрбие жұмысының орындалу жағдайы.
V. Инклюзивті білім беру жағдайы.
VI. Оқу жүктеме.
VII. Пәндік-кеңістік дамытушы ортаның жағдайы.
VIII. Баланың даму мониторинг.
IX. Тәрбиеленушілердің жетістіктері.
X. Педагог қызметкерлерінің сапалық құрамы.
XI. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
XII. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

1. **Мектепке дейінгі ұйымының жалпы сипаттамасы**

Балабақша ғимараты 1974 жылы салынған, өз қабырғасында талай бүлдіршіндерді тәрбиелеп, мектепке дейінгі біліммен қамтамасыз етіп келген балабақша, тоқырау кезеніне төтеп бере алмай, 1995жылы жабылып қалып, 2006 жылдың 18қазанындаАлға ауданының әкімдігінің №307 қаулысына сәйкес қайта ашылды. Балабақша 2 топтық, жоба қуаттылығы 50 орындық.

Қазіргі кезеңде балабақшада 2 топ жұмыс жасайды, екеуі де қазақ тобы. Балалардың жас ерекшелігі 1 жастан 4 жасқа дейін, жалпы балалар саны .Балабақша өз жұмысын қазақ тілінде жүргізеді. Аттестация кезінде құрылтайшы құжаттары, балабақша жұмысының ішкі тәртібін анықтайтын құжаттарға талдау жүргізілді.

**2)Заңды тұлғаны тіркеуі/қайта тіркеуі:**

Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің тіркелген заңды тұлға туралы анықтама. Алғашқы тіркелген күні «14» қараша 2006 жыл. БСН 06114004435

**Қайта тіркеу:** Ақтөбе облысы әділет департаменті Алға ауданының Әділет басқармасының заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама. Қайта тіркелген күні: 31.12.2013ж. Мемлекеттік тіркеу туралы серия: В. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің номері: № 000016

**Заңды тұлғаның атауы**: «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

**Заңды тұлғаның тұрған жері**:индекс:030206. Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Алға ауданы, Қайнар ауылы, Ізбасқанов көшесі № 18 үй, телефон /871337/7-19-56, электрондық почтасы ainalain_@mail.ru

**Меншіктік түрі:**мемлекеттік

**Құрылтайшы туралы мәлімет:** «Алға ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі.

**Уәкілетті органы**: «Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

**Мекеменің инстаграмм парақшасы -** @ainalain_bb

Facebook парақшасы- **Айналайын Тоқмансай Балабақшасы**

Ресми сайты – **ainalaiyn-tokmansaybb.edu.kz**

Жауапты :Балмаганбетова Разия Жолдасовна

## 2. Мектепке дейінгі ұйымның мақсаты, міндеттері мен құндылықтары.

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктері мен жеке– мүмкіндіктеріне сәйкес білім, білік және дағдыларын, рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру, баланың қажеттілігін, қимыл-қозғалыс әрекетін қанағаттандыру арқылы денсаулығын нығайту;
2. Балалардың сөйлеу тілін жаңа заманауи технологиялар арқылы дамыту;–
3. Міндеттері:

-Салауатты өмір салтын ұстануда балабақша мен отбасы арасындағы– байланысты жетілдіру;
-Дене шынықтыру оқу қызметтері арқылы өзінің денсаулығына деген– көзқарастарын қалыптастыру;
-Денсаулық – физикалық қасиетінің қалыптасуы мен қозғалыс– белсенділігінің дамуы екенін түсіндіру.
-Балалардың дене, зияткерлік, адамгершілік, эстетикалық коммуникативтік дамуына бағытталған білім беру салаларын– кіріктіру;
Мектепке дейінгі ұйым мен отбасының өзара ықпалдастығы;
– психологиялық жағымды жағдай орнату;
– балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту,
-өз бетімен шешім– қабылдай білу дағдысын жетілдіру;
-шығармашылық ойлау мәдениеті мен эстетикалық талғамды дамыту;
– балалар бойында ұлттық, отансүйгіштік, адами қасиеттерді қалыптастыру–

## 3. Балабақшаның оқу жұмыс жоспарының, үлгілік оқу бағдарламасының орындалу жағдайы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.12.2012 ж. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» №557 бұйрығымен бекітілген әр жылдардағы өзгертулер мен түзетулерге арналған бұйрықтар қосымшасының талабына сәйкес, балабақшаның 2022-2023 жылындағы оқу жұмыс жоспарларын ұсынады.*(қосымша сканерленген электронды нұсқасы қоса жалғанды)*

«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай- балабақшасының 2022-2023 оқу жылының оқу жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты », Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығының 1,2 –қосымшалары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығына 1-қосымша «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары», «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хатын» негізге ала отырып құрылды. Мектепке дейінгі оқытудың барлық жас ерекшелік сатысындағы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі білім беру стандартын әзірлеуге талаптарда белгіленген санитарлық – гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді .

«Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасында 2 топ жұмыс жасайды.

Оқыту тілі толықтай қазақ тілінде жүргізіледі.

Аралас «Қарлығаш» (3-4 жас) -1 топ

Аралас «Балапан» (1-2жас) -1 топ.

Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес, оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталған.

**4. Оқу тәрбие жұмысының орындалу жағдайы.**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 1-қосымша, 2 - тарауының 5-тармағы, 8)-тармақшасы талабына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығының 1- қосымшасының 1 – тарауының 4 тармағы, 7 тармақшасының талаптарын басшылыққа ала отырып құрылған өткен 4 жылмен ағымдағы жылды қоса алғанда, балабақшаның жылдық жоспары оның ішінде, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру шеңберінде ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпы адами құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыру бойынша жұмыс жоспарымен және жоспарға сәйкес атқарылған іс-шаралар материалдарын ұсынады.

Мекеменің әр жылға арналған тәрбие-оқу жоспары аудандық білім бөлімінің басшысымен келісіліп, балабақша меңгерушісімен бекітілген және мекеме мөрі қойылған. Тәрбие-оқу жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған және алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген.

Жылдық жоспардың бөлімдері төмендегідей:

1. Кіріспе.
2. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары.
3. Әдістемелік кабинет жұмысы.
4. Педагог қызметкерлермен жұмыс.
5. Бақылау және басқару.
6. Отбасымен жұмыс.
7. Оқу материалдық база.

Кіріспе бөлімінде оқу жылдары бойынша балабақша төл құжаты, мекен жайы, балалар мен топтар саны, мамандармен қамтамасыз етілуі және т,б. мәліметер бойынша сипаттамалар берілген. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жұмыстары бойынша нұсқаулықтар, күнделікті санитарлық–гигиеналық талаптарды орындау жұмыстары, дене тәрбиесі мен қауіпсіз мінез-құлық негіздерін жетілдіру жұмыстары, емделу, алдын–ала және сауықтыру іс-шаралары, салауатты өмір салтын қалыптастыру жұмыстары жүргізілген. Атап айтатын болса, балалардың күн режимінің дұрыс ұйымдастырылуын қатаң қадағалап отыру, жауаптылар: меңгеруші, медбике, топ тәрбиешілері. Тұмау індетіне қарсы күрес жүргізу мақсатында ата-аналармен санбюллетень, кеңестер өткізілген. Ас мәзірінде сүт өнімдерінің жеткілікті дәрежеде болуын қадағалау. Салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығымен тығыз байланыста болып, топ тәрбиешілермен бірге балаларға жол ережесі жөнінде ашық іс-шаралар, сайыстар өткізіліп,жұмыстар жүргізілген.

Балабақшадағы әдістемелік жұмыстың жай күйі. Әдіскер әр оқу жылына талданып, педагогтармен ақылдаса келе мақсаттар мен міндеттерді айқындайды. 2022-2023 оқу жылындағы әдістемелік жұмыстың мақсат міндеттеріне жету үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылған. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасына сай тәрбиешінің оқу-тәрбие процесін жүргізу» тақырыбында тәрбиешілермен дөңгелек үстел, педагогтардың сауаттылығын көтеру, балалармен жұмыстар жүргізілді.

Педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында «Балабақшадағы аттестаттау комиссиясының жұмысы», тақырыптық апталықтар, «Өрт қауіпсіздігі» бойынша жұмыс жоспарлары, «Жолда жүру ережелері», ашық көрсетілімдер жоспарланған.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа заман талабына сай ұлттық салт-дәстүрлер мен жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген рухани-адамгершілік дағдыларды қалыптастыруға, баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау, білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаның басты мақсаты деп түсінген педагогтар Рухани жаңғыру бағдарламасымен жұмыстану жалғасын табуда.

2022-2023 оқу жылында «Болашаққа бағдар» «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында балабақша тәрбиеленушілерін ұлттық құндылықтарды қастерлеу, ұлттық салт-дәстүрлермен , ұлттық киімдер мен ыдыс аяқ, жиһаздармен таныстыру мақсатында «Ғажайып киіз үй» дамытушы орта жасақталды.



Тәрбиеленушілер киіз үйдің қабырғасында түрлі ұлттық ойындар ойнап, сурет салып, қамшы өру, шаш өру сияқты ұсақ моториканы дамытатын ойындар ойнайды.







25 қазан Республика күніне орай «Қарлығаш » тобының тәрбиеленушілері арасында сурет байқауы және балабақша педагогтары мен тәрбиеленушілерінің қатысуымен әнұран айтудан челлендж ұйымдастырылды.

Мекеме аралық байланыс жұмыстарын нығайту мақсатында ересек топ тәрбиеленушілері Тоқмансай орта мектеп ауласына саяхатқа барып, танысты.





Қараша айында Облыстық әдістемелік орталық әдіскері М.Т Мурзагулова мен Педагогикалық шеберлік орталығының тренері Курмангалиева М.Т 2022-2023 оқу жылының оқу-тәрбие үрдісін зерделеу жұмыстарын жүргізді. Зерделеу барысында 2022-2023 оқу жылының топтар бойынша перспективалық жоспарлары мен апталық циклограммалары тексеріліп, қанағаттанарлық деп танылды, сонымен қатар әдістемелік кеңестер берілді.





Балабақшамызда Алға ауданының білім бөлімінің жоспарына сай балабақша меңгерушілерінің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеуді дамыту моделін білім беру процесіне енгізілуін ұйымдастыру» тақырыбында семинар-практикум өтті. Семинар барысында сеңгеруші Султангалиева М.Т және әдіскер Балмаганбетова Р.Ж семинар қатысушыларына ҮІӘ процесін ерте дамыту моделі бойынша ұйымдастыру тақырыбында тәжірибе бөлісті.
Жылдық жоспар бойынша жұмыстарды «Жол ережелерін сақта», «Спорттық ойындар» көңілді жарыстар ұйымдастырылған.





Мерекелік іс-шаралар жоспары бойынша балабақшада «7- мамыр Ұландар күні», «Құстар мерекесі» күні тойланды.





Жоғарыда аталған іс-шаралардың төңірегінде ата-аналармен де жұмыс түрі жүйелі жоспарланып, ұйымдастырылған. Алға аудандық білім бөлімінің ***13.09.2021 жылғы №1-112\2 «Консультациялық пункт ашу туралы» бұйрығын басшылыққа ала отырып, ҚР Білім және ғылым министрлігі «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының «Мектепке дейінгі біліммен қамтылмаған балалардың (1-2 жас) ата-аналарына***

*арналған консультациялық пункттер құру бойынша әдістемелік ұсыным негізінде* 2022-2023 оқу жылы бойынша консультациялық пункт ашылып, оның жоспары құрылып, жұмыстар жинақталған. Кеңес беру пункті ата-аналарға баланы дамытудың өзекті мәселелері бойынша кеңес береді, МДҰ педагогикалық қызметкерлерінің яғни, тәрбиеші, педагог-психологтың кәсіби құзыреті шегінде жұмыстар жасалған. Консультативтік пунктке келетін балалардың ата-аналарын тіркеу журналы арналған. Ата-аналардың функционалдық сауаттылығының деңгейін арттыру мақсатында тренингтер, практикумдар және кеңестер жоспарланып, өткізілді. Консультативтік пункттің жұмыс жоспарына сәйкес, тиімді тамақтануды ұйымдастыру жөнінде медбике, бала денесінің дамуына қойылатын талаптар бойынша тәрбиешілер балабақшаның әлеуметтік желілерінде үнемі кеңес беріп отырады. Ата-аналар мен балалардың демалыс уақытын ұйымдастыру бойынша КП аясында тікелей демалыс сипатындағы да, ата-аналардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған да іс-шаралар ұйымдастырылған. Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Мектепке дейінгі ұйым мен баланың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) өзара міндеттемелері туралы келісім шарт жасалған.
Сабақтастық сақталу үшін мектепке дейінгі кезеңде-жас ерекшелігіне сәйкес баланың өзін-өзі бағалауының сақталуы, танымдық және тұлғалық дамуы, қоршаған ортамен байланыс жасауға дайындығы қарастырылған. Атап көрсететін болса, балалардың білуге деген құмарлығын дамыту;балалардың өздігінен шығармашылық жұмыс тапсырмаларын шеше білу қабілетін дамыту;балалардың интеллектуалдық және тұлғалық дамуына бағытталған шығармашылық қиялын дамыту;тілдік қарым-қатынасын дамыту (құрбы-құрдастарымен, ересектермен тіл табысып, сөйлесе білу).

## 5. Инклюзивті білім беру жағдайы.

Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілер 2022-2023 оқу жылында болмағандығын хабарлайды.

## 6.Оқу жүктеме.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесі ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкес ағымдағы оқу жылы бойынша перспективалық жоспарларда белгіленген оқу жүктемесі сақталды.

## 7.Пәндік-кеңістік дамытушы ортаның жағдайы.

Топтағы заттық дамытушы орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, бөбекжай балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған. Қабылдау бөлмесінде ата аналарға арналған ақпарат

бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген. Топтарда «Жолда жүру ережесі»,«Құрылысшы» , «Дәріхана ойындары» , «Ғажайып киіз үй» , «Табиғат» , «Біз кезекшіміз» бұрыштары сюжеттік рөлдік ойындардың құрал жабдықтары жинақталған, бөлме өсімдіктері өсіріледі. Топта балалардың ой өрісін, тілдерін дамыту мақсатында лото, мозайка, үстел үсті және әр түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы бар. Театрлық іс әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драматизациялауға арналған қуыршақтар, үстел үсті театрлар, көлеңкелі театрларының атрибуттары жинақталған. Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған.

Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Тәрбиешілерге және тәрбиеленушілерге арналған әдістемелік, көркем әдебиеттер жинақталған.



















## 8. Баланың даму мониторингі.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері өткен бес оқу жылы мен ағымдағы оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке даму карталары жас ерекшеліктеріне қарай жабдықталған. Мониторинг нәтижелері пайыздық көрсеткішпен көрсетілген, баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасы, тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар деңгейінде ( I,II,III- деңгей) көрсетіліп ұсынылды.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығының (*ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгерістер болған*) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» 4- тараудың 17 тармақтарына сәйкес келеді.

**Тәрбиеленушілердің дамуы мониторингі**

| Бала саны | Кезеңдері | Төмен деңгейдегі балалардың үлесі | орта деңгейдегі балалардың үлесі | Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі |
|---|---|---|---|---|
| 2022-2023 оқу жылы | | | | |
| 40 | Бастапқы | 70% | 30% | 0 |
| 38 | Аралық | 26% | 55% | 19% |
| 41 | Қорытынды | 2% | 30% | 68% |



**Тәрбиеленушілердің жетістіктер.**
**2022-2023 оқу жылы бойынша**

| | | |
|---|---|---|
| | **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ деңгейде** | |
| 1 | Жетпісбаева Айшолпан | «Бақытты бала-бақытты ел» республикалық байқау. Диплом II |
| 2 | Нұрмағанбетова Ұлжан | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 3 | Жетпісбаева Айшолпан | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 4 | Құсақбай Зимфира | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 5 | Жалғасбаев Шынтас | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 6 | Хайролла Акарыс | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 7 | Бауыржан Наурызбек | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| 8 | Аймырза Ұлсина | «Үркер» республикалық зияткерлік марафон. Диплом |
| | **АУДАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ** | |
| 1 | Бауыржан Наурызбек | «Баталы ел-арымас» байқауы Диплом III |

## 10.Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы.

Жас маманның ең бірінші ұжымда бейімделе алуына назар аударылған. Жас мамандармен арнайы жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі жұмыс жасай отырып, қиындықтардың алдын алып отырған. Жас мамандармен жұмыстың **Мақсаттары:** Мектепке дейінгі ұйымдағы оқыту мен тәрбиелеу үрдісін жетілдіру. Жас педагогтарға білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мүмкіндіктерін арттыра білу жолдарын таныстырып, меңгерту. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсету. Парасатты жеке тұлғаны қалыптастыру.

**Міндеттері:**педагогтың кәсіби деңгейін оның қажеттіліктерін, қиындықтарын, жетістіктерін ескере отырып көтеру;

- жас мамандардың мектепке дейінгі ұйым жұмысына қызығушылығын арттыра отырып, оны жандандыруға атсалысуға икемдеу;
- өз білімін жетілдіру бойынша қызметін жаңадан бастаған педагогтардың сұраныстарын қанағаттандыру үшін жағдай жасау;

**Күтілетін нәтиже:** Қызметін жаңадан бастаған педагогтардың мекемеге бейімделуі; тәжірибелік жеке, өз бетінше тәрбиелеу дағдыларын, оқытуларын жандандыру;қызметін жаңадан бастаған педагогтардың жаңа технологияларды жұмысында пайдалану;мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру сапасын үздіксіз жетілдіруді қамтамассыз ету.

Жас мамандардың кәсіби өсуі үшін жағдай туғызу, бейімделуге кері әсер ететін проблемаларды жою, жас маманның кәсіби қызметіне табысты енуіне қолдау көрсету мақсатында тәлімгерлік бекіліп, бірлесе отырып жұмыстар жүргізілуде.

| № | Жас маман аты жөні | Диплом бойынша мамандығы | Білімі | Атқаратын қызметі | Еңбек өтілі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Құракбаева Бақыттгүл Алиевна | Бастауыш сынып мұғалімі | Арнаулы орта | Психолог | 2 ж 9 ай |

«Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне шығу үшін білімді ұрпақ, білікті маман болу қажет» екендігіне басты назарға қойған балабақша ұжымы педагог қызметкерлермен жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілген. Педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізу жоспары, әдістемелік бірлестік жұмыс жоспары, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру бойынша жұмыстар, білім беру процесінің ашық көрсетілімдері, ҮОҚ қорытынды көрсетілімдері, әдістемелік және педагогикалық кеңестер уақытымен өткізіліп отырған.

2022-2023 оқу жылдары аралығында ***Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы мамырдағы №272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларының» 3 тарауының 9 тармағы*** негізінде педагогикалық кеңес отырысы жоспарлы түрде 5 рет ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагогикалық кеңестің кезекті отырысында төраға өткен педагогикалық кеңес шешімінің орындалу нәтижесі туралы қорытынды шығару арқылы басталып, нақты және сауатты, жан-жақты жазылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылған. Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі мекемеде әр жылға оқу тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша мониторинг жасалған.





Мекемеде 2017 жылы «Меңгеруші жанындағы кеңес туралы» Ереже педагогикалық кеңесте талқыланып бекітілген. Жүйелі бақылаудың мәселелері, меңгеруші жанындағы кеңес жоспарлары құрылып, басшылық қызметтегі проблемалар зерделеніп, талқыланып, басшының тиімділігін арттыру, табысқа жету үшін ықпал ететін негізгі дағдылар бойынша ұжым арасында жұмыстар жүргізіліп отырған. Ұжымның психологиялық ахаулына ықпал ететін негізгі факторларды анықтап, ұжымды марапаттау, мадақтау тб әдістерді, білім беру саласындағы өзекті мәселелерді анықтап, жаңа өзгерістерді көре алатын басшы ретінде қоғам талабына сай білім беру салаларына тиімді өзгерістерді енгізіп, оны дұрыс басқарып келеді. Аса шұғыл, әрі маңызды міндеттерді тұрақты орындайтын және маңыздылығы төмен міндеттерді басқаларға тапсыра білді. 2021 жылы балабақша меңгерушісі Мадина Төремырзақызының «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан «Мектепке дейінгі ұйымды басқару жүйесі» әдістемелік құралы мен «Жаңа бағытта жұмыс жасау қазіргі уақыттағы негізгі мәселеллердің бірі» тақырыбында электронды орта әзірледі.

## Педагогикалық кадрлар туралы мәлімет

| № | Аты- жөні | Туған жылы | Білім, бітірген оқу орны, жылы | Диплом бойынша мамандығы | қызметі | Жалпы еңбек өтілі | Осы мекеде Пед. өтілі | Санаты Бұйрық № жылы күні |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Султангалиева Мадина Туремурзаевна | 06.06.1981 | Жоғары. Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институт | Бастауышты оқытудың педагогикасы мен әдістемесі | Меңгеруші | 21ж | 16 | III-деңгейлі «басшы-ұйымдастырушы» |
| 2 | Балмаганбетова Разия Жолдасовна | 18.07.1973 | Арнаулы орта. Ақтөбе гуманитарлық колледжі | «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» | Әдіскер | 14ж | 9 ж | Педагог-сарапшы АББ №178-1/3 24.12.21 |
| 3 | Габдулина Гүлжазира Беркиновна | 06.04.1968 | Жоғары, Атырау мемлекетік педагогикалық университеті | «Математика пәнінің мұғалімі» | Тәрбиеші | 28ж | 15ж | Педагог |
| 4 | Касанова Светлана Турегельдовна | 19.01.1976 | Арнайы орта Ақтөбе педагогикалық училищесі | «Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі» | Тәрбиеші | 19 ж | 14ж | Педагог-сарапшы АББ №178-1/3 24.12.21 |

| 5 | Молдиманова Гүлнар Хамитовна | 26.10.1972 | Арнаулы орта Ақтөбе педагогикалық училищесі | «Мектепке дейінгі мекеме тәрбиешісі» | Тәрбиеші | 26 ж | 13ж | Педагог-сарапшы АББ №178-1/3 24.12.21- |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 6 | Тұрмағанбетов Талғат Үмбетұлы | 18.05.1980 | Жоғары, Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институты. | «Музыкалық оқытудың бакалавры» | Музыка жетекшісі | 21ж | 14ж | Педагог-сарапшы АББ №NZIX35 28.07.21 |
| 7 | Құракбаева Бақыттүл Алиевна | 17.11.1985 | Ақтөбе гуманитарлық колледжі | «Бастауыш сынып мұғалімі» | психолог | 3 ж | 3 ж | Педагог |

## Педагог қызметкерлердің сапалық құрамы

| № | Оқу жылы | Барлық педагогтар саны | Мектепке дейінгі жоғарғы білімі барлар | Жоғарғы педагогикалық білімі барлар | Мектепке дейінгі арнаулы орта білімі барлар | Арнаулы орта білімі барлар | Пед. білімі жоқтар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 7 | 0 (0%) | 3 (43%) Меңгеруші Музыка жетекшісі Тәрбиеші | 3 (43 %) Тәрбиеші | 1 (14 %) Психолог | 0 |



## Педагог қызметкерлердің біліктілік санаттары бойынша

| № | Оқу жылы | Педагогтар саны | жоғары | Бірінші | Екінші | Педагог | Сарапшы | Модератор |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 7 | 0 | 1( 15% ) | 0 | 2 (28%) | 4 (57%) | 0 |




## Біліктілігін арттырған яғни курстан өткен педагог саны

| № | Оқу жылы | Педагогтар саны | Облыстық білім жетілдіру институты | Республикалық білім жетілдіру институты | Көрсеткіштері |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 7 | 2 (28%) | 2(28%) | 4 |



***Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №293-VI «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 7 бабы педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыру кезіндегі құқықтарының 12 тармағына сәйкес***, бес жылда бір реттен сиретпей біліктілігін арттыру талаптары бойынша балабақшадағы 7 педагогтың 4 –уі соңғы үш жыл ішінде біліктілігін арттырған. Ол 57,1 % құрап отыр. Ал 1 педагог- психолог ағымдағы жылдың қыркүйек айының 1 нен бастап жұмысқа қабылданған болатын. Аудандық білім бөліміне біліктілігін арттыру бойынша сұраныс берілді.

**Педагог қызметкерлердің еңбек өтілдері бойынша корсеткіштері**

| № | Оқу жылдары | Педагогтар саны | 1-5 жылға дейін | 5-10 жылға дейін | 10-20 жылға дейін | 20 жылдан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 7 | 1 | 1 | 3 | 2 |




**Педагог қызметкерлердің жастары бойынша көрсеткіштері**

| № | Оқу жылдары | Педагогтар саны | 20-30 жас | 30-40 жас | 40-50 жас | 50-60 жас | 60 жастан жоғары |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2022-2023 | 7 | 0 | 1 | 4 | 2 | 0 |



Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы жолға қойылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекеме ішлік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық, республикалық марапаттарға ие.Педагог қызметкерлердің 2022-2023 оқу жылы бойынша марапаттар тізімі:

**2022-2023 оқу жылы бойынша**

| | | |
|---|---|---|
| | **РЕСПУБЛИКАЛЫҚ деңгейде** | |
| 1 | Султангалиева М.Т | Республикалық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасы» |
| 2 | Балмаганбетова Р.Ж | Республикалық оқу-ағарту министрлігінің «Құрмет грамотасы» |
| 3 | | |
| 4 | | |
| | **ОБЛЫСТЫҚ деңгейде** | |
| 1 | Габдуллина Г.Б | Облыстық кәсіподақ ұйымының «Құрмет грамотасы» |
| | **АУДАНДЫҚ деңгейде** | |
| 1 | | |
| 2 | | |
| 3 | | |

Жыл сайын педагог қызметкерлер баспасөз беттеріне республикалық, облыстық, аудандық деңгейде өз шығармаларын, мақалаларын тәжірибе тарату мақсатында жариялап келеді.

| № | Басылым атауы | Тақырыбы | Авторы | Басылымға шыққан жылы |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Педагогтердің облыстық тамыз кеңесінің жинағы | Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған дамытушы ойындардың рөлі | Молдиманова Г.Х | 2022 |
| 2 | Педагогтердің аудандық тамыз кеңесінің жинағы | Бала тәрбиесі-әлемдегі игі іс | Габдуллина Г.Б | 2022 |
| | | | | |

## 11. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

***«Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортын бекіту туралы»Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысы***негізінде№2 Айгөлек бөбекжай балабақшасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында«Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспорты» 07.12.2021 жылы Алға аудандық Ішкі Істер бөлімімен бекітілген. Балабақшаның топ бөлмелерінде, дәлізде, акт залда кіре

беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған. Бейне бақылау камераларына қызмет көрсету мен жағдай жасау үшін 2021 жылдың наурыз айында мемлекеттік сатып алудың №12 келісім шарт ЖК «Спец Монтаж» деп аталатын өнім берушімен жасалды. Мекемеде барлығы 24 аналогты, IP камералы, бейне бақылау кемералары жұмыс жасайды. Камералардың сақтау мерзімдері 30 күндік. Ғимараттың 1 қабатында 3 бейнебақылау, 2 қабатында 2 бейнебақылау және сыртта 3 бейнебақылау камералары орналасқан. Монитор дәлізде 1 қабатта, меңгеруші кабинетінде тұр. ЖК «Спец Монтаж» деп аталатын өнім беруші тарапынан ай сайын бақылау жүргізіліп отыр. Істен шыққан немесе ақау білінген бейнебақылау камералары қазіргі таңда анықталмады.

Сонымен қатар балабақшада қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында 21.02.2022 жылы «MEComp@ny» ЖШС мен мемлекеттік сатып алудың № 35 келісім шарт жасалып, балабақша ғимаратына дабыл түймесі қондырылды.

## 12. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Әрбір бүлдіршін мектепке дейінгі тәрбиемен сапалы және қолжетімді, шығармашылық құзыреттілігін дамыту мүмкіндігіне ие болу керек.
Балабақшаның материалдық - техникалық базасы талаптарға сай, топтар заманауи үлгідегі қажетті құралдармен жабдықталған, эстетикалық талғамға және балалардың жас ерекшеліктеріне сай әсем безендірілген. Сонымен қатар, әр топтар мен кабинеттер аудио-бейне техникалармен: теледидар, музыкалық аспаптар, бейнетаспалар, электронды оқулықтар, микрофондармен толықтырылған. Балабақшада 3 компьютер, 3 принтер, 3 ноутбук және 1 экран бар. Топтар үстел , отырғыш, кереуеттер және теледидарлармен, су жылытқыш құрылғылар орнатылған. Әр топта табиғат бұрышы, денсаулық бұрышы, спорт құралдары бұрышы, қимыл-қозғалыс ойындар құралдары, оқу-тәрбие процесіне пайдаланатын көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар, әдістемелік оқулықтар жас ерекшеліктеріне қарай топталып қарастырылған. Барлық топ ойыншықтарымен, жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай безендірілген.
Балалардың әлеуметтік тұлға ретінде дамуына, балабақшаға бейімделуге, қолайлы жағдайлар туғызуға, бала бойында өзіне, басқа адамдарға, қоршаған ортаға деген жақсы көзқарас қалыптастыруға, коммуникативтік және әлеуметтік құзырлылығына жағдайлар жасалған.Балабақша аумағында көк жасыл саяжайлар, ойын алаңдары бар.
Педагогтар және техперсоналдар кәсіптік дайындықтарына, еңбек өтілдеріне, іскерлік шеберліктеріне, жеке бастарының психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, мүмкіндіктеріне және қызметкерлердің психологиялық үйлесімділіктеріне карай топтарға бөлініп, бекітілді.
Мектепке дейінгі мекемеде дене тәрбиесі және музыка залдары біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, логопед, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған. Тәрбиеленушілердің дұрыс тамақтануы үшін асхана және

денсаулығын сараптау, дәрігерлік көмек көрсететін дәрігерлік кабинет жұмыс жасайды. Балабақша медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, арнайы кабинет бар. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған бөлме толық жабдықталған. Медициналық кабинет 2 бөлмеден тұрады: медбикелердің жұмыс орыны, оқшаулау бөлмесі. Медбике кабинетінде 1 мұздатқыш бар. Балаларға медициналық көмек көрсету үшін 1 медбике штат бірлігінде медбикесі жұмыс жасайды. Медбикенің медициналық арнаулы білімі, медициналық білім қызметіне сертификаттары бар.

Ас әзірлейтін ас блогы-18,6 шаршы метр, 2-электроплитамен, 2-пеш, 1-сужылытқыш, 2-мұздатқыш, 1-тоңазытқыш, 1-электро ет тартқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер, 2 ас үй жұмысшысы, қоймашы жұмыс жасайды. Шикі өнімдері сақтайтын қойма 1 бөлмеден тұрады. Өнімдер сертификаттары талапқа сай жинақталған. Өнімдері тіркейтін кіріс-шығыс журналдары жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығайуына көңіл бөледі. Балабақша 2017 жылы күрделі жөндеуден өтті.

Сыртқы келбетіне ағымды жөндеу жұмысына жергілікті бюджеттен жыл сайын қаржы бөлініп, жөндеу жұмыстары жүргізіліп отырады.Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жыл сайын жаңарту мақсатында, «Мемлекеттік сатып алу» Заңы талаптары бойынша жұмыстар жүргізілуде.Мектепке дейінгі мекеменің материалдық-техникалық базасы қанағаттанарлық. Әр топтың өз ойын алаңы бар, ойын алаңдарын жабдықтау ұжым мүшелерінің қатысуымен «Көркейе бер, туған жер» акциясы аясында ата-аналардың қолдауымен жабдықталуда. 2020 жылдың 30 желтоқсанында «Туған жерге тағзым» акциясы аясында демеушілермен байланыса отырып, оқу ғимараттарының материалдық-техникалық базасын жаңартуға үлес қосып, белсенділік танытқаны үшін Алға аудандық білім бөлімінің «АЛҒЫС ХАТ» мен марапатталды.

2022 жылдың қаңтар айында 200 000 теңге көлемінде «Бала жылы» аясында ата-аналардан және бала бақша ұжымы атынан балаларға базарлық жасалып, түрлі логикалық, балалар дамуына үлес қосатын ойыншықтар тарту етілді.

Балабақша ұжымының демеушілігімен 70000 теңге психолог кабинеті жабдықталып, модульді пішіндер жасалды.

Наурыз мерекесі қарсаңында ауыл жастарының демеушілігімен балабақша тәрбиеленушілеріне 40000 теңге көлемінде сыйлықтар жасалды.

Алдағы уақытта да демеушілермен тығыз байланыса отырып, жүйелі түрде жұмыстар жүргізіп, балабақшаның материалдық-техникалық базасын күшейту жұмыстары жалғастырылады.

**Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының өзін-өзі бағалауы және өткізуі туралы қорытындысы**

1. Мекеменің 26.09.2023 жылғы №01-08/33 «Балабақшаның өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу» туралы бұйрығы негізінде ұйымдастырылып, өткізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы «қанағаттанарлық» деңгейде деп есептелсін;
2. 05.10.2023 жылғы комиссия құрамы отырысының шешіміне сай «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Айналайын» Тоқмансай бөбекжай-балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны» «Мектепке дейінгі мекеме мәртебесіне» сай деп есептелсін;

Комиссия төрағасы: Балмағанбетова Р.Ж

Комиссия мүшелері: Касанова С.Т.

Молдиманова Г.Х.

Габдуллина Г.Б

Алдашова Ж.Ә